



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

---

Қысыммен жұмыс істеуге арналған болат құбырлар  
Жеткізу жөніндегі техникалық шарттар

### 2-бөлім

**ЖОГАРЫ ТЕМПЕРАТУРА ҮШИН БЕЛГЛЕНГЕН ҚАСИЕТТЕРІ БАР,  
ЭЛЕКТРМЕН ПІСІРІЛГЕН, ЛЕГИРЛЕНБЕГЕН ЖӘНЕ ЛЕГИРЛЕНГЕН  
БОЛАТТАН ЖАСАЛҒАН ҚҰБЫРЛАР**

**Трубы стальные сварные для работы под давлением  
Технические условия поставки**

### Часть 2

**ТРУБЫ ИЗ НЕЛЕГИРОВАННОЙ И ЛЕГИРОВАННОЙ СТАЛИ, ПОЛУЧЕННЫЕ  
ЭЛЕКТРОСВАРКОЙ, С УСТАНОВЛЕННЫМИ СВОЙСТВАМИ ДЛЯ  
ПОВЫШЕННОЙ ТЕМПЕРАТУРЫ**

**ҚР СТ EN 10217-2-2015**

*(EN 10217-2:2002 Welded steel tubes for pressure purposes - Technical delivery  
conditions - Part 2: Electric welded non-alloy and alloy steel  
tubes with specified elevated temperature properties, IDT)*

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық  
реттеу және метрология комитеті  
(Мемстандарт)**

**Астана**



## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

---

**Қысыммен жұмыс істеуге арналған болат құбырлар**

**Жеткізу жөніндегі техникалық шарттар**

**2-бөлім**

**ЖОГАРЫ ТЕМПЕРАТУРА ҮШІН БЕЛГЛЕНГЕН ҚАСИЕТТЕРІ БАР,  
ЭЛЕКТРМЕН ПІСІРЛГЕН, ЛЕГИРЛЕНБЕГЕН ЖӘНЕ ЛЕГИРЛЕНГЕН  
БОЛАТТАН ЖАСАЛҒАН ҚҰБЫРЛАР**

**ҚР СТ EN 10217-2-2015**

*(EN 10217-2:2002 Welded steel tubes for pressure purposes - Technical delivery conditions - Part 2: Electric welded non-alloy and alloy steel tubes with specified elevated temperature properties, IDT)*

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық  
реттеу және метрология комитеті  
(Мемстандарт)**

**Астана**

**Алғысөз**

**1 «Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы» акционерлік қоғамы ӘЗІРЛЕП ЕҢГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті тәрағасының 2015 жылғы 30 қарашадағы № 247 –од бұйрығымен **БЕКІТЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗЛДІ**

3 Осы стандарт еуропалық EN 10217-2:2002 Welded steel tubes for pressure purposes – Technical delivery conditions - Part 2: Electric welded non-alloy and alloy steel tubes with specified elevated temperature properties стандартпен бірдей, (Қысымдағы жұмыстарға арналған пісірілген болат құбырлар. Жеткізудің техникалық талаптары. 2-бөлім. Жоғарғы температура үшін белгіленген легирленген және легирленген болат құбырлар).

Осы стандарт ресми жарияланғаннан кейін қабылданған және EN 10217-2:2002/A1 стандартына енгізілген езгерістер мен түзетулер есепке алына отырып әзірленді

Осы стандарт ZA қосымшада келтірілген ЕО Директивасының қауіпсіздік талаптарын іске асырады

Еуропалық стандартты EC/ISS/TC 110 болат құбырлар, болат және шойын фитингтер техникалық комитеті әзірлеген

Ағылшын тілінен (en) аударылған.

Мәтінін ресми нұсқасы мемлекет және орыс тіліндегі болып табылады.

Негізінде осы стандарт әзірленген және сілтемелірі берілген еуропалық стандарттардың ресми нормативтік техникалық құжаттардың Бірыңғай мемлекеттік қорында сақталған.

Стандарттардың халықаралық сілтемелік стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер В.А. қосымшасында толқытыруда келтірілген.

Сәйкестік дәрежесі – бірдей (IDT).

4 Осы стандартта «Техникалық реттеу туралы» және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының ережелері іске асырылған.

**5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ  
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДЛІГІ**

2022 жыл  
5 жыл

**6 АЛҒАШ РЕТ ЕҢГІЗЛДІ**

Осы стандартқа өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық корсеткішінде, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні – ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық корсеткіштерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе оның күші жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық корсеткіштерінде жарияланатын болады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайталанбайды, көбейтілмейді және таратылмайды

**Мазмұны**

1 Көлданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер және анықтамалар	3
4 Белгілеулер	3
5 Болатты жіктеу және белгілеу	3
6 Сатып алушыға ұсынылатын ақпараттар	4
7 Өндіріс процесі	5
8 Талаптар	6
9 Бақылау	13
10 Үлгілерді таңдау	16
11 Сынау әдістері	18
12 Таңбалау	22
13 Қорғау	22
ZA қосымша ( <i>ақпараттық</i> ) EN 10217-2 Еуропалық стандарт пен ЕО 97/23/ЕС Директиналарының негізгі талаптары арасындағы өзара байланыста Библиография	23
BA Қосымша ( <i>ақпараттық</i> ) Стандарттардың халықаралық, аймактық стандарттарға, шет мемлекеттердің стандарттарына сөйкестігі туралы мәліметтер	24
	25



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛТЫҚ СТАНДАРТЫ****Қысыммен жұмысістеуге арналған болат құбырыар  
Жеткізу жәніндегі техникалық шарттар****2-бөлім****ЖОҒАРЫ ТЕМПЕРАТУРА НШИНБЕЛГЛЕНГЕН ҚАСИЕТТЕРІ БАР,  
ЭЛЕКТРМЕН ПІСІРЛГЕН, ЛЕГИРЛЕНБЕГЕН ЖӘНЕ ЛЕГИРЛЕНГЕН  
БОЛАТТАН ЖАСАЛҒАН ҚҰБЫРЛАР****Енгізілген күні 2017-01-01****1 Қолданылу саласы**

Осы стандарт жоғары температурада, легирленбекен және легирленген болаттан берілген қасиеттері бойынша электр пісірумен алынған, дәңгелек кималы құбырларды жеткізудің, сыйналатын екі категория бойынша техникалық талаптарын белгілейді.

**2 Нормативтік сілтемелер**

Осы стандартты құжатты қолдану үшін келесі сілтемелік құжаттар қажет. Құні қойылған сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың тек белгіленген басылымын, құні қойылмаған сілтемелік құжаттың соңғы басылымын (барлық әзгертулерін қоса) қолданады:

EN 10002-1:2001 Metallic materials - Tensile testing - Part 1 : Method of test (at ambient temperature (Металдық материалдар - Керілуге сынау - 1-бөлім: Сынау әдісі (Бөлме температурасы жағдайында)).

EN 10002-5:1991 Metallic materials - Tensile testing - Part 5 : Method of testing at elevated temperature (Металдық материалдар - Керілуге сынау - 5-бөлім: Жоғары температура кезінде сынау әдісі).

EN 10020:2000 Definitions and classification of grades of steel (Болаттың маркасын анықтау және жіктеу).

EN 10021:2006 General technical delivery requirements for steel and iron products (Болат және темір бүйімдар үшін жеткізудің жалпы техникалық талаптары).

EN 10027-1:2005 Designation systems for steels - Part 1 : Steel names, principle symbols (Болатты белгілеу жүйесі - 1-бөлім: Болаттың атауы, негізгі символдар).

EN 10027-2:2015 Designation systems for steels Part 2 : Numerical systems (Болатты белгілеу жүйесі - 2-бөлім: Сандақ жүйелер).

EN 10045-1:1990 Metallic materials - Charpy impact test - Part 1 : Test method (Металдық материалдар - Шарпи бойынша соққыға арналған тест - 1-бөлім: Сынау әдісі).

EN 10052:2004 Vocabulary of heat treatment terms for ferrous products (Темір әнімдері үшін термоөндідеу жәніндегі терминдер сөздігі).

EN 10204:2004 Metallic products - Types of inspection documents (Металдық бүйімдар - Куәландыру құжаттарының типі).

EN 10220:2002 Seamless and welded steel tubes - Dimensions and masses per unit length (Жіккіз және пісірілген болат құбырлар - Ұзындық бірлігінің әлшемі және массасы).

EN 10234:1993 Metallic materials - Tubes - Driftexpandingtest (Металдық материалдар - Құбырлар - Құбырды таратуға сынау).

EN 10233:1993 Metallic materials - Tubes - Flatteningtest (Металдық материалдар - Құбырлар - Майысуға сынау).

## **KР СТ EN 10217-2-2015**

EN 10236:1993 Metallic materials - Tubes - Ringexpandingtest (Металдық материалдар - Құбырлар - Шығырышытың кеңеюіне сынау).

EN 10237:1993 Metallic materials - Tubes - Ring tensile test (Металдық материалдар - Құбырлар - Шығырышықты үлгінін үзілуге кедерісін сынау).

EN 10246-1:1996 Non-Destructive Testing of steel tubes Part 1: Automatic electromagnetic testing of seamless andwelded (except submerged arc welded) ferromagnetic steel tubes for verification of hydraulic leak-tightness (Болат құбырларды бұзбайтын сынау - 1-бөлім: Гидравликалық герметикаға тексеру үшін жіксіз және пісрілген (догалық пісіруден басқа) ферромагнитті болат құбырларды автоматты электромагниттік дефектоскопия).

EN 10246-3:1999 Non-Destructive Testing of steel tubes - Part 3:Automatic eddy current testing of seamless andwelded (except submerged arc-welded) steel tubes for the detection of imperfections (Болат құбырларды бұзбайтын сынау - 3-бөлім: Ақауларды анықтау үшін жіксіз және пісрілген болат құбырларды (флюс бойынша пісрілгеннен басқа) автоматты құйынды токты дефектоскопия)

EN 10246-5:1999 Non-Destructive Testing of steel tubes – Part 5: Automatic full peripheral magnetic transducer/flux leakage testing of seamless and welded (except submerged arc-welded) ferromagnetic steel tubes for the detection of longitudinal imperfections (Болат құбырларды бұзбайтын сынау - 5-бөлім: (Магниттік бастапқы түрлену/шашыраған магниттік ағынның кәмегімен бойлық ақауларды анықтау үшін ферромагниттік жіксіз және пісрілген (флюс бойынша догалық дәнекерлеумен пісіруден басқа) құбырлардың барлық шалғайлық беті бойынша автоматты дефектоскопия).

EN 10246-6:1999 Non-Destructive Testing of steel tubes - Part 6: Automatic full peripheral ultrasonic testing of seamless steel tubes for the detection of transverse imperfections (Болат құбырларды бұзбайтын сынау - 6-бөлім: Бағытын анықтау үшін толық шенбері бойынша жіксіз болат құбырларды автоматты ультрадыбыстық дефектоскопия).

EN 10246-7:2005 Non-Destructive Testing of steel tubes - Part 7: Automatic full peripheral ultrasonic testing of seamless and welded (except submerged arc welded) steel tubes for the detection of longitudinal imperfections (Болат құбырларды бұзбайтын сынау - 7-бөлім: Бойлық бағыты бойынша кемшіліктерін анықтау үшін жіксіз пісрілген болат құбырларды (догалық пісіруден басқа) автоматты ультрадыбыстық дефектоскопия).

EN 10246-8:1999 Non-Destructive Testing of steel tubes – Part 8: Automatic ultrasonic testing of the weld seam of electric welded tubes for the detection of longitudinal imperfections (Болат құбырларды бұзбайтын сынау - 8-бөлім: Бойлық бағыты бойынша кемшіліктерін анықтау үшін электрлік пісрілген дәнекерлеу жігін автоматты ультрадыбыстық дефектоскопия).

EN 10246-14:1999 Non-Destructive Testing of steel tubes - Part 7: Automatic ultrasonic testing of seamless and welded (except submerged arc welded) steel tubes for the detection of laminar imperfections (Болат құбырларды бұзбайтын сынау - 7-бөлім: Номиналды ақауларын анықтау үшін жіксіз және пісірілген болат құбырларды (догалық пісіруден басқа) автоматты ультрадыбыстық дефектоскопия).

EN 10256:2000 Non-Destructive Testing of steel tubes - Qualification and competence of level 1 and level 2 NDT personnel (Болат құбырларды бұзбайтын сынау – Бұзбайтын сынақты жүргізетін 1 және 2-денгейлі персоналдың мамандығы және біліктілігі).

EN ISO 377:2013 Steel and steel products - Location and preparation of samples and test pieces for mechanical testing (ISO 377:1997) (Болат және болат ёнімдері. – Механикалық сынақ көзінде сынау үшін үлгілерді орналастыру. (ISO 377:1997).

EN ISO 2566-1:1999 Steel – Conversion of elongation values – Part 1: Carbon and low-alloy steels (ISO 2566-1:1984) (Болат–Созылу мәнін түрлендіру - 1-бөлім: көміртек және тәмен легирленген болат (ISO 2566-1: 1984).

EN 10266:2003 Steel tubes, fittings and structural hollow sections – Symbols and definition of terms for use in product standards (Болат құбырлар, фитингтер және құыс профильдер – Стандарттарда әнімге қолдануға арналған символдар және терминдердің анықтамасы).

EN 10168:2004 Iron and steel products – Inspection documents – List of information and description (Темір және болат әнімдері (Куәландыру құжаттары – Ақпараттар және жазбалар тізбесі).

ISO 14284:2002 Steel and iron - Sampling and preparation of samples for the determination of chemical composition (Болат және темір – Сынамаларды іріктеу және үлгілерді химиялық құрамын анықтау үшін еріллеу (ISO 14284:1996).

CR 10260:1998 Designation systems for steel - Additional symbols (Болатқа арналған белгілеу жүйесі: Қосымша символдар).

CR 10261:2008 ECISS Information Circular IC 11 - Iron and steel - Review of available methods of chemical analysis ECISS (11- ақпараттық циркуляр – Темір және болат – Химиялық талдаудың колда бар әдістеріне шолу).

### 3 Терминдер және анықтамалар

Осы стандартта EN 10020, EN 10021, EN 10052, EN 10266 жәніндегі терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамаларымен мына терминдер қолданылады:

**3.1 Сынақ түрі** (test category): куәландыру және сынау деңгейі мен дәрежесін көрсететін жіктеу;

**3.2 Жұмысберуші** (employer): тұрақты негізде субъект жұмыс істейтін ұйым.

Ескертпе – Құбырларды шыгаруны да, оны жеткізуші де, сондай-ақ бұзбай сынақ әткізетін тарап та жұмыс беруші болуы мүмкін.

### 4 Белгілеулер

Осы стандартта және EN 10266-да мынадай белгілер қолданылады:

- C1 және C2 - сәйкестік түрлерінің көрсеткіштері (7.3.1 және 7.3.3.);

- TC – сынақ түрі.

### 5 Болаттарды жіктеу және белгілеу

#### 5.1 Жіктеу

P195GH, P235GH және P265GH болат сортын, EN 10020-да жіктеу жүйесіне сәйкес легирленбен сапалы болат ретінде жіктеледі; 16Mo3 болат маркасы легирленген сапасы жоғары болат ретінде жіктеледі.

#### 5.2 Болатты белгілеу

5.2.1 Осы стандартта сипатталған құбырлар үшін болатты белгілеу мынадан куралады:

- осы стандарттың нәмірі;

Немесе

— Болаттың EN 10027-1 және CR 10260 сәйкестік маркасы;

немесе

- EN 10027-2 сәйкесті жазылған болаттың нәмірі.

5.2.2 Болаттың легирленбен маркасын белгілеу:

- Қысымдағы жұмыс үшін Р бас әрібі;

- МПа көрсетілген (4-кесте), 16 мм-ден кем немесе тең қалындығы үшін бәлме температурасы жағдайында аққыштықтың белгіленген минималды шегін көрсету;

- жоғары температура кезіндегі GH символдары.

5.2.3. Болаттың легирленбеген 16Mo3 марасын белгілеу үшін химиялық құрамы бойынша жүргізіледі (2-кесте).

## 6 Тапсырыс берушіге пұсыннылатын ақпараттар

### 6.1 Міндетті ақпарат

Мына ақпараттар сұрату немесе тапсырыс беру кезінде ұсынылуға тиісті:

- a) саны (массасы немесе жалпы ұзындығы немесе саны);
- b) "құбыр" термині;
- c) әлшемдер (Д сыртқы диаметрі және Т қабырға қалындығы) (6-кестені қараныз);
- d) осы стандартқа сәйкес болаттың сортын белгілеу атавы (5.2 қараныз);
- e) легирленбеген болат үшін сынақ категориясы (9.3 қараныз).

### 6.2 Опциялар

Осы стандартта опциялар саны белгіленген және тәменде тізімделген. Егер тапсырыс беруші сұрату немесе тапсырыс беру сәтінде опциялардың кез-келген орындауға ынта білдірмесе, құбырлар негіздік ерекшелік бойынша жеткізіледі (6.1 қараныз).

- 1) Құбырдың технологиялық маршруты ( 7.3.2 қараныз).
- 2) Мыстын және қалайының құрамын шектеу ( 2-кесте қараныз).
- 3) Өнімді талдау (8.2.2 қараныз).
- 4) Соккыға сынау( 8.3.1 қараныз)
- 5) Легирленбеген болат сорттары үшін - 10° С температура жағдайында бойлық соккыға сынау ( 8.3.1 қараныз).
- 6) Жоғарғы температура жағдайында керілуге сынау (8.3.2 қараныз).
- 7) Герметикаға сынау әдісін тандау (8.4.3.1 қараныз ).
- 8) Ендік бағытындағы ақауларды анықтау үшін 2-категориялы құбырларды бұзбайтын сынау (8.4.3.2 қараныз ).
- 9) Ламинарлық ақауларды анықтау үшін 2-категориялы құбырларды бұзбайтын сынау (8.4.3.2 қараныз).
- 10) Ұштарды арнайы дайындау (8.6 қараныз).
- 11) Дәл ұзындықтары (8.7.3 қараныз ).
- 12) Стандарттан ерекшелігін күэландыру туралы құжаттың типі (9.2.1 қараныз).
- 13) Пісірілген жікте ендік керілуге сынау (9-кесте қараныз).
- 14) Герметикаға гидростатикалық сынау кезіндегі қысым 11.9.1(қараныз).
- 15) Қабырғаның ұшынан қалындықты әлшеу (11.10 қараныз).
- 16) Пісірілген жікте күэландыру үшін сынаудың бұзбайтын әдісі (11.12.1 қараныз)
- 17) Құбырдың ұсынын күэландыру үшін сынаудың бұзбайтын әдісі (11.12.2 қараныз)
- 18) Қосымша таңбалалуа (12.2 қараныз).
- 19) Корғаныс (13 қараныз).

### Тапсырысқа мысал

EN 10204-ке сәйкес 3.1 техникалық тексеру актісі бойынша, 1-сынақ категориялы, Р265GH маркалы болаттан жасалған сыртқы диаметрі 168.3 мм, қабырғасының қалындығы 4.5 мм, ұзындығы 500м электрлік пісірілген құбырлар:

500 м - Құбыр - 168,3 x 4,5 - EN 10217-2 - Р265GH - ТС 1 - Опция 12: 3.1.C

## 7 Өндіру процесі

### 7.1 Болат өндірісі

Болат өндіру процесі шығарушының нұсқауы бойынша орындалады.

### 7.2 Болатты тотықсыздандыру процесі

Болаттар толығымен тотықсыздандырылуы тиісті

### 7.3 Құбырыар өндірісі және жеткізу шарттары

7.3.1 Бұзбайтын сынақ жәніндегі барлық іс-шараларды, жұмыс беруші мен осы қызметке авторланған 1, 2 немесе 3-денгейлі білікті және құзіретті персонал жүргізуі қажет.

Біліктілігі EN 10256-ге сәйкесуге немесе оған баламалы болуға тиісті. Біліктілігі 3-денгейлі персонал [1]-ге сәйкес немесе оған баламалы ретпен сертификатталануы ұсынылады.

Жұмыс берушінің авторландыруды жүргізуі процедурда жазылғанға сәйкес болуы қажет.

Бұзбайтын сынау жәніндегі жұмыстар жұмыс беруші қабылдаған, 3-денгей бойынша авторландырылуға тиісті.

Ескертпе - 1, 2 және 3-денгейді анықтау мынадай стандарттардан табылуы қажет, мысалы EN 473 және EN 10256.

III және IV категориялар бойынша (Директивалар 97/23-ЕС) жабдықты қысымдағы жабдықпен жұмыс жасау үшін, персонал көпшілік мойындаған тараптық үйіммен бекітілуге тиісті. Осы талалтарға сәйкеспейтін құбырлар, "С 1" таңбауды талап ететін жағдайларды қоспағанда, "С 2"-мен таңбалануы қажет (7.3.3 қараныз).

7.3.2 Құбырлар, 1-кестеде көрсетілген технологиялық маршрут бойынша минималды жиілігі 100 кГц, жоғары жиілікті пісіру (HFW) көмегімен дайындалуы қажет.

Егер 1-опция таңдалмаған болса, технологиялық маршрутты көрсету, шығарушының калауында болады.

#### *1 Опция: Технологиялық маршрутты тапсырыс беруші таңдаіды.*

Дайын құбырлардың қалыптасуға дейін жолактар ұзындығын қосу үшін пайдаланылатын жіктері болмауға тиісті.

7.3.3 Пісіруді технологиялық процесс қағидасы талаптарына сәйкес білікті персонал жүзеге асыруы қажет.

II, III және IV категорияларда қысымдағы жабдықтармен жұмыс жасау үшін (Директивалар 97/23/ЕС), технологиялық процесті, персоналды құзіретті тәуелсіз тарап бекітуге тиісті. Осы талалтарға сәйкес келмейтін құбырлар Т "С1"-мен таңбалануы қажет.

7.3.4 Осы стандарт қамтитын құбырларды жеткізу талаптары 1-кестеде келтірілген.

**1-кесте—Әндірістік процесс, құбырдың технологиялық маршруты және жеткізу талаптары**

Маршрут №	Технологиялық маршрут		Жеткізу талаптары
	Негізгі материал	Қалыптау операциясы	
1	Нормаланған прокатты жолақ	Салқын илеу (+пісіру)	Пісірудің нормаланған аймагы немесе нормаланған (толық құбыр)
2a	(ыстық) немесе нормаланған жайма прокаты немесе жолактар	Салқын илеу (+пісіру)	Нормаланған (толық құбыр)
2b		Салқын илеу (+пісіру)+ ыстық иілген	Нормаланған (толық құбыр)
2c		Салқын илеу (+пісіру)+ қалыпты жағдай жасау үшін реттелетін температура кезінде ыстық иілген	Нормаланған прокатталған

## 8 Талаптар

### 8.1 Жалпы

7.3-тармақта көрсетілген талаптар бойынша жеткізу және 9,10 және 11-тармақтарға сәйкес тексеру кезінде, құбырлар осы стандарттың талаптарына жауап беруге тиісті.

Құбырлар ыстықтай және салқын иілуге жарамды болуы қажет. Алдын-ала көзделген иілгіштік тиісті дәрежеде жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, EN 10021-де белгіленгендей жеткізудің жалпы техникалық талаптары орындалуы қажет.

### 8.2 Химиялық құралы

#### 8.2.1 Құймаларды талдау

Болатты шығарушы ұсыннатын құймаларды талдау, 2-кесте талаптарына сәйкес болуы тиісті.

Ескертпе— Пісірілген құбырлар осы стандартқа сәйкес шығарылған кезде, болаттың пісіру уақытындағы және одан кейінгі мінезі болаттың өзіндік маркасына ғана емес, сонымен бірге термоәндеуге және жеткізу шарттарына және пісіру жүргізуге байланысты болатыны назарда ұстая қажет.

#### 8.2.2 Әнімдерді талдау

*3 Опция: Құбырлар үшін әнімдерді талдау ұсынылуға тиісті.*

3-кесте, 2-кестеде келтірілген әнімдерді талдау нәтижелеріндегі шектен құймаларды талдау бойынша көрсетілген шегінің ауытқуын айқынрайтынан.

**2-кесте – Химиялық құрамы (құйманы талдау)<sup>a</sup>, % масс**

Болат маркасы		C	Si	Mn	P	S	Cr	Mo	Ni	Al <sub>total</sub>	Cu <sup>b</sup>	N		V	Cr+Cu+Mo+Ni
Болат атауы	Болат нөмірі		макс.		макс.	макс.	макс.		макс.	макс.	макс.	макс.	макс.	макс.	макс.
P195GH	1.0348	≤0,13	0,35	≤0,70	0,025	0,020	0,30	≤0,08	0,30	0,0 20	0,30	0,01 0	0,03	0,02	0,70
P235GH	1.0345	≤0,16	0,35	≤1,20	0,025	0,020	0,30	≤0,08	0,30	0,0 20	0,30	0,01 0	0,03	0,02	0,70
P265GH	1.0425	≤0,20	0,40	≤1,40	0,025	0,020	0,30	≤0,08	0,30	0,0 20	0,30	0,01 0			0,70
16Mo3	1.5415	0,12- 0,20	0,35	0,40- 0,90	0,025	0,020	0,30	0,25 – 0,35	0,30	≤0,0 40	0,30	-	-	-	-

<sup>a)</sup> Осы кестеге енгізілмеген элементтер, құйманы аяқтау үшін қосылуы мүмкін элементтерді қоспағанда, тапсырыс берушінің келісімінсіз алдын-ала әдейі қосылмауга тиісті. Болатты әндіру процесінде пайдаланылатын сынықтардың немесе әзге де материалдардың қажетсіз элементтері қосылуын болдырмау үшін, барлық тиісті шаралар қабылдануы қажет.

<sup>b)</sup> 2 Опция: Қалыптаудың кейінгі операцияларын жеңілдету үшін, мыстың белгіленген максималды құрамының көрсетілгеннен аз бөлігі және қалайының белгіленген максималды құрамы қолданылуы қажет.

<sup>c)</sup> Бұл талаптар болатта азоттың әзге де байланыстырупты элементтерінің жеткілікті құрамы болған жағдайда, бұл туралы хабарланады, қолданылады. Титанды қолдану кезінде шығарушы мынаны тексеруге тиісті (Al + / 2) 0,020%.

<sup>d)</sup> Бұл элементтердің құрамы, оларды құймага қосу ниеті жоқ кезде, ұсынылмауы қажет.

### 8.3 Механикалық қасиеттер

#### 8.3.1 Бёлме температурасы кезіндегі және одан тәмен жағдайдағы механикалық қасиеттер

Бёлме температурасы және одан жоғары кездегі осы стандарттың құбылардың механикалық қасиеті 4 және 11.4, 11.5, 11.6 және 11.7-кестелердің талаптарына сәйкес болуы қажет.

#### 8.3.2 Жоғарғы температура кезіндегі аққыштықтың шартты шегі

Жоғарғы температура кезіндегі  $R_{p0,2}$  аққыштықтың шартты шегінің минималды мәні 5-кестеде көлтірілген.

**6 Опция:**  $R_{p0,2}$  аққыштықтың шартты шегі тексерілуге тиісті. Сынақ температурасы сұрату және тапсырыс беру уақытында келісілуі қажет.

#### 3-кесте–2-кестеде көлтірілген балқытудың химиялық құрамы бойынша көрсетілген шектен әнімді талдаудағы рұқсат етілген ауытқулар

Элемент	2-кестеге сәйкес балқытудың химиялық құрамының шекті мәні % масса	Әнімді талдаудан рұқсат етілген ауытқу % масса бойынша
C	≤0,20	±0,02
Si	≤0,40	+0,05
Mn	≤1,00	±0,0,5
	>1,00 до ≤1,40	+0,10
P	≤0,025	+0,005
S	≤0,020	+0,005
Al	0,040	±0,005
Cr	≤0,30	+0,05
Cu	≤0,30	+0,05
Mo	≤0,35	±0,03
Nb	≤0,010	+0,005
Ni	≤0,30	+0,05
Ti	≤0,030	+0,010
V	≤0,02	+0,01

#### 4-кесте–Қабырға қалындығының 16 мм-ге дейінгі және коса алғандағы, бёлме температурасы кезіндегі механикалық қасиеттері

Болат маркасы		Бёлме температурасы жағдайында керілу кезіндегі қасиеті			Соққылық қасиеттер <sup>b c</sup>				
Болат атаяуы	Болат нәмірі	Аққыштықтың жоғарғы шегі немесе аққыштықтың шартты шегі $R_{eH}$ немесе $R_{p0,2}$ мін	Керілуге арналған жүктеу $R_m$	Ұзару <sup>b</sup> А мин	Жұтылған энергияның минималды орташа мәні				
					Кв Дж				
		МПа *	МПа *	%мин.		температура °C			
				1	t	20	0		
P195GH	1.0348	195	320-440	27	25	-	40 <sup>d</sup> 28 <sup>e</sup>	- 27 <sup>d</sup>	
P235GH	1.0345	235	360-500	25	23	-	40 <sup>d</sup> 28 <sup>e</sup>	- 27 <sup>d</sup>	
P265GH	1.0425	265	410-570	23	21	-	40 <sup>d</sup> 28 <sup>e</sup>	- 27 <sup>d</sup>	
16Mo3	1.5415	280	450-600	22	20	40 <sup>d</sup>	- -	27 <sup>d</sup> -	

<sup>a</sup> 1 = бойлық t = еңдік

<sup>b</sup> 4 және/немесе 5 опциялар берілген кезде тексерілуі қажет.

**4 Опция:** Соққы энергиясы тексерілуі қажет.

**5 Опция:** Бойлық соққы энергиясы тексерілуі қажет

\* 1 МПа = 1 Н/мм<sup>2</sup>

**5-кесте - Қабырға қалындығының 16 мм-ге дейінгі және қоса алғандағы, бөлме температурасы кезіндегі механикалық қасиеттері**

Болат маркасы		R <sub>p0,2</sub> МПа ақыыштық шартты шегінің минималды мәні °C температура кезінде						
Болат атауы	Болат нәмірі	00	50	00	50	00	50	400
P195GH	1.0348	75	65	50	30	13	02	94
P235GH	1.0345	98	87	70	50	32	20	112
P265GH	1.0425	26	13	92	71	54	41	134
16Mo3	1.5415	43	37	24	05	73	59	156

**8.4 Сыртқы тиірі және ішкі беріктігі**

**8.4.2 Жалпы**

Жік ауданы сыйзатсыз, балқытылмаған және пісрілмеген болмауы қажет.

**8.4.2 Сыртқы тиірі**

8.4.2.1 Құбырлардың ішкі және сыртқы беттік кедір-бұдырлары болмауы қажет, ол кәзбен тексеріліп анықталады.

8.4.2.2 Құбырдың ішкі және сыртқы бетін әндеу, әндіру процесіндегі қалыпты жағдай болуға тиісті, қажет болған кезде термиялық әндеу қолданылады. Әдетте бетті әндеу және оның күйі, тегістеуді қажет ететін кез-келген беттік кедір-бұдырлар анықталынғандай болуы қажет.

8.4.2.3 Беттік кедір-бұдырлар станокта егеу немесе әндеу арқылы тегістеу үшін кол жетімді болуы қажет, осыдан кейін әнделетін участкедегі қабырғаның қалындығы берілген минималды қалындықтан аз болуы қажет. Барлық тегістелген беттер құбырдың профилімен жатық үйлесуге тиісті.

8.4.2.4 Қабырға қалындығынан Т 5% немесе кіші болуына байланысты 3 мм терендікке жететін беттің кез-келген кедір-бұдырлары тегістелуі қажет. Бұл талап 0,3 мм-ден терен, тең немесе аз беттік кедір-бұдырларға тарамайды.

8.4.2.5 Қабырға қалындығының берілген минималды мәнін бұзатын беттік кедір-бұдырлар, ақау ретінде қаралуы қажет және осындай ақау бар құрылғылар осы стандартқа сәйкесті емес деген саналады.

8.4.2.6 Пісіру жігін жәндеуге жол берілмейді.

**8.4.3 Ішкі беріктік**

**8.4.3.1 Герметикалық**

Құбырлар қысыммен тексерілген (11.9.1 қараныз) немесе электромагниттік сынақтан (11.9.2 қараныз) әтүге тиісті.

Егер 7-опция көрсетілмеген болса онда сынау әдісін таңдау шыгарушының қалауына қалдырылады.

**7 Опция: 11.9.1 немесе 11.9.2-гесейкес герметикаға тексеруге арналған сынақ әдісін тапсырыс беруші белгілейді.**

**8.4.3.2 Бұзбайтын бақылау**

1-категориялы сынақ құбырлары пісіру жігінің жалпы ұзындығы, 11.12.1.-тармаққа сәйкес ақауларын анықтау үшін бұзбайтын сынаудан әтүі қажет.

2-категориялы сынақ құбырлары пісіру жігінің жалпы ұзындығы, 11.12.2.-тармаққа сәйкес ақауларын анықтау үшін бұзбайтын сынаудан отуі қажет.

**8 Опция:** 2-категориялы сынақ құбырлары, 11.12.3.-тармаққа сәйкес ендік ақауларын анықтау үшін бұзбайтын сынаудан отуі қажет.

**9 Опция:** 2-категориялы сынақ құбырлары, 11.12.4.-тармаққа сәйкес ламинарлық ақауларын анықтау үшін бұзбайтын сынаудан отуі қажет.


### 8.5 Тұзусызықтық

Ұзындығы L кез-келген құбырдың тұзусызықтан ауыткуы 0,0015 L-ден аспауга тиісті. Ұзындықтың әрбір метрінде тұзусызықтан ауытку 3 мм-ден аспауы қажет.

### 8.6 Үштардың дайындалуы

Құбырлар тікелей кесілген ұштары бойынша жеткізіледі. Ұштарында қылаулар болмауы қажет.

**10 Опция:** Құбырлар кесілген ұштарымен жеткізілуі қажет (1-сурет қаралып). Жиегі C 1,6 мм  $\pm 0,8$  мм.-ге майыстырылған,  $\alpha = 30^\circ \pm 5^\circ$  қигаш кесілген болуы қажет.



1-сурет – Құбырұштарының қиғаш бұрышы

### 8.7 Өлшемдер, массалар және шектеулер

#### 8.7.1 Сыртқы диаметр және қабырға қалындығы

Құбырларға сыртқы диаметрі D және қабырға қалындығы T бойынша тапсырыс беріледі. Артықшылықты сыртқы диаметрі D және қабырға қалындығы T бойынша EN 10220-ден іріктелініп алынады, бұл 6-кестеде көлтірілген.

Ескертпе-6-кестеден ерекшеленетін өлшемдер белгіленуі мүмкін.

#### 8.7.2 Масса

Ұзындық бірлігінің массасы үшін EN 10220-да көрсетілген қолданылады.

#### 8.7.3 Ұзындық

Егер 11-опция көрсетілмесе құбырлар еркін ұзындықта жеткізілуі мүмкін. Жеткізу ауқымы сұрату және тапсырыс беру сәтінде келісілуге тиісті.

**Опция 11:** Құбырлар өлшемді ұзындықпен жеткізілуі қажет, ұзындық сұрату және тапсырыс беру сәтінде көрсетілуге тиісті. Рұқсат етілемін ауытқуды қаралып, 8.7.4.5.

### 8.7.4 Шектеулер

#### 8.7.4.1 Қабырғаларлың диаметрі және қалындығы бойынша шектеулер

Қабырғалардың диаметрі және қалындығы бойынша шектеулер 6-кестеде келтірілген рұқсат етілемін ауытқуды қаралып, 8.7.4.5.

### 6 кесте – Өлшемдері

Сырткы диаметрі D  
Серия<sup>a)</sup>

Қабырга қалыңдығы T

1	2	3	1,4	1,6	1,8	2	2,3	2,6	2,9	3,2	3,6	4	4,5	5	5,6	6,3	7,1	8	8,8	10	11	12,5	14,2	16
10,2																								
	12																							
	12,7																							
13,5																								
	14																							
	16																							
17,2																								
	18																							
	19																							
	20																							
21,3																								
	22																							
	25																							
	25,4																							
26,9																								
	30																							
	31,8																							
	32																							
33,7																								
	35																							
	38																							
	40																							
42,4																								
	44,5																							
48,3																								
	51																							
	54																							
	57																							
60,3																								

## 6-кестенің жалгасы

Сыртқы диаметрі D Серия <sup>A</sup>			Қабырға қалыңдығы T																					
1	2	3	1,4	1,6	1,8	2	2,3	2,6	2,9	3,2	3,6	4	4,5	5	5,6	6,3	7,1	8	8,8	10	11	12,5	14,2	16
	63,5																							
	70																							
		73																						
76,1																								
		82,5																						
88,9																								
	101,6																							
		108																						
114,3																								
	127																							
	133																							
139,7																								
	141,3																							
	152,4																							
	159																							
168,3																								
	177,8																							
	193,7																							
219,1																								
	244,5																							
273																								
323,9																								
355,6																								
406,4																								
457																								
508																								

<sup>A</sup> 1 Серия = диаметрі, құбырлар желісін салуға қажетті барлық аксессуарлар стандартталған;

2 Серия = диаметрі, барлық аксессуарлар стандартталған;

3 Серия = диаметрі, арнайы колдану үшін, стандартталған аксессуарлардың саны өте аз.

**7-кесте—Сыртқы диаметрге және қабырға қалындығына қойылатын шектеулер**

Сыртқы диаметрі	Сыртқы диаметрге шектеулер	Қабырға қалындығына шектеулер Т <sup>a</sup>	
D	D	T≤5	5<T≤16
D ≤ 219,1	± 1% немесе ± 0,5 кайсысы кәп екеніне байланысты	± 10% немесе ± 0,3 кайсысы кәп екеніне байланысты	± 8%
D > 219,1	± 0,75 %		

<sup>a)</sup> Жік ауданында плюсті шектеуге жол берілмейді (8.7.4.2 қараныз)

**8.7.4.2 Пісіру жігінің білдірілген мөлдірдік**

Сыртқы және ішкі пісіру жігі күшке салынбай кесілуге тиісті. Ишкі пісіру жігінің максималды терендігі, кесілгеннен кейін, 0,5 + 0,05 м м болады.

**8.7.4.3 Өлшемдік ұзындыққа шектеулер**

Өлшемдік ұзындыққа шектеулер 8-кесте деректеріне сәйкес келуге тиісті.

**8-кесте - Өлшемдік ұзындыққа шектеулер**

өлшемдері, мм

Ұзындық L	Сыртқы диаметр үшін шектеулер D	
	< 406,4	406,4
L ≤ 6000	+ 10 0	+ 25 0
6000 < L ≤ 12000	+ 15 0	+ 50 0
L < 12000	+ келісім бойынша 0	

**8.7.4.4 Сопақтық**

Сопақтық (O) мына формула бойынша есептеледі:

$$O = \frac{D_{\max} - D_{\min}}{D} \cdot 100 \quad 1)$$

Мұндағы:

O = сопақтық, %

D = сыртқы диаметрі, мм

D<sub>макс.</sub>, D<sub>мин.</sub> = максималды және минималды сыртқы диаметрі дәл сол жазықтықта өлшемнеді, мм.

Сыртқы диаметрі D = 406,4 мм құбырлары үшін, сопақтық диаметрдің шектеулері шегінде болуы қажет.

Ишкі диаметрі D > 406,4 мм и D / ≤ 100 құбырлары үшін сопақтық 2%-тен аспауға тиісті.

D / T > 100 құбырлары үшін сопақтық мәні сұрату және тапсырыс беру сәтінде келісілуі қажет.

**9 Куәландыру**

**9.1 Куәландыру түрлері**

Құбырға арналған тапсырыс талаптарының сәйкестігі осы стандартқа сәйкес, арнайы куәландыру арқылы қанағаттандыруға тиісті.

## 9.2 Қуәландыру құжаттары

### 9.2.1 Қуәландыру құжаттарының түрлері

Егер 12-опция таңдалмаған болса қуәландыру 3.1.B сертификаты, EN 10204 сәйкес пайдаланылады.

*12 Опция: EN 10204 сәйкес 3.1.A, 3.1.C немесе 3.2. қуәландыру құжаттарының бірі басылып шығуы мүмкін.*

Егер 3.1.A, 3.1.C немесе 3.2 қуәландыру құжаты берілген болса, тапсыруши қуәландыруды жүргізетін және қуәландыру құжаттарын дайындастын ұйымның немесе маманының атавы және мекен-жайы туралы шығаруышыны хабардар етеді.

3.2 типті тексеру актісін сертификат шығаруышы тараппен көлісу қажет.

### 9.2.2 Қуәландыру құжаттарының мазмұны

Қуәландыру құжаттарының мазмұны EN 10168-ге сәйкес болуы қажетті.

Бақылау құжаттарының барлық типтеріне берілген өнімнің осы спецификацияның және тапсырыстың талапарына сәйкестігін тексеру туралы өтімі кіруге тиіс.

Тексеру актісінде немесе тексеру нәтижелері жәніндегі есепте, мынадай кодтар немесе ақпараттар жазылуы қажет:

- А - коммерциялық келісім және қатысушы тараптар;
- В - қуәландыру құжаты рәсімделген өнімнің сипаттамасы;
- С01-С03 сынау үлгілерінің орналасуы, сынақ температурасы;
- С10-С13 керілуге сынау;
- С40-С43 егер мүмкін болса, соққыға сынау;
- С60-С69 басқа да сынақтар (мысалы, майыстыру);
- С71-С92 құйманы талдау бойынша химиялық құрам (егер мүмкін болса, өнімдерді талдау);
- D01 таңбалау және сәйкестендіру, беттің сыртқы түрі, қалыбы, өлшемді сипаттамасы;
- D02 - D99 герметикаға сынау, мүмкін болса, бұзбайтын сынау;
- Z - сенімділігін тексеру.

## 9.3 Тексеру және сынау нәтижелері

Легирленбеген болат құбырлар сұрауда және тапсырыс беру сәтінде атап көрсетілгендей, 1 немесе 2-категориялар сынаққа сәйкес тексерілуі және сынаулы қажет. (караныз, 6.1). 16М03 маркалы болат құбырлар 2-категориялы сынаққа сәйкес тексерілуі және сынаулы қажет.

Жүргізілген қуәландырулар мен сынақтар 9-кестеде жинақталған.

## 9-кесте – Тексеріс және сынақ қорытындысы

Тексеріс және сынақ түрлері	Сынақ кезеңділігі	Сілтеме	Сынақ түрлері	
			1	2
Міндетті сынақтар	Балқытудың химиялық құрамы	Рет балқытуға	8.2.1 және 11.1	X X
	Бәлме температурасында негізгі материалды созылуға сынау	Бір рет синалатын күбырга	8.3.1 және 11.2.1	X X
	a) $D < 600$ мм үшін жаңышылуға сынау және /D катынасы $\leq 0,15$ бірақ $\leq 40$ мм немесе ) $D > 150$ мм үшін дәңгелекті созылуға сынау		8.3.1, 11.4 және 11.5	X X
	$D \leq 150$ мм үшін және $\leq 10$ мм таратылуға сынау немесе ) $D \leq 114,3$ мм және $\leq 12,5$ мм үшін дәңгелектің кеңеюіне сынау		8.3.1, 11.6 және 11.7	X X
	Тәменгі температурадагы динамикалық сынау		8.3.2 және 11.8	X X
	Герметикалыққа сынау	Әр құбыр	8.4.3.1 және 11.9	X X
	Өлшемді бақылау	Әр құбыр	8.5, 8.7 және 11.10	X X
	Сырттай бақылау		11.11	X X
	Бойлық ақауды анықтау үшін дәнекерленген тігісті бұзбай бақылау	Әр құбыр	4.3.2 және 11.12.1	X -
	Бойлық ақауды анықтау үшін дәнекерленген тігісті және корпусты бұзбай бақылау		4.3.2 және 11.12.2	- X
Міндетті емес сынақтар	16Mo3 маркалы болатқа арналған материалды сәйкестендіру		.3	X X
	Өнімді талдау (3 опция)	Бір рет балқытуға	8.2.2 және 11.1	X X
	Жоғары температурада сынау (6 опция)	Бір рет балқытуға және бірдей жағдайда термиялық өндеге	8.3.2 және 11.2.2	
	Бәлме температурасында дәнекерленген тігісті созылуға сынау (13 опция) с)	Бір рет синалатын күбырга	8.3.1 және 11.3	X X
	Беріктікке сынау (4 опция)		8.3.1 және 11.8	X X

## 9-кесте соңы

Тексеріс және сынақ түрлері	Сынақ кезеңділігі	Сілтеме	Сынақ түрлері	
			1	2
Бойлық беріктікке сынау (5 опция)	Бір рет сыналатын күбырға	8.3.1 және 11.8	X	-
Күбыр соңынан қашықтагы кабырға қалындығын әлшеу (15 опция)	8.7 – 11.10		X	X
Бойлық ақауды анықтау үшін бұзбай бакылау (8 опция)	Әр күбыр	8.4.3.2 және 11.12.3	-	X
Қабатты ақауды анықтау үшін бұзбай бакылау (9 опция)		8.4.3.2 және 11.12.4	-	X

<sup>a)</sup> Жаншылуға сынау үшін 2 үлгі 0 ° және 90° кезіндегі тігіс жағдайында сыналуы тиіс  
<sup>b)</sup> Жаншылуға сынауды, дәңгелекті созылуға сынау немесе таралуына сынау дайындаушының қалауымен анықталады.  
<sup>c)</sup> **13 опция: сыртқы диаметрі D 219,1 артық құбырлар үшін дәнекерленген тігісті бойлық созылуға сынау өткізуі тиіс.**

## 10 Нлілерді іріктеу

## 10.1 Сынау жиілігі

## 10.1.1 Сыналатын нліпі

Кейін термоөңделмеген құбырлар үшін немесе дәнекер сзығы термоөңделген құбырлар үшін, сыналатын үлгіге, бір балқыманың, шығарудың сол процесіндегі, бір маркалы болаттың сол көрсетілген диаметрі мен қабырға қалындығы енгізілуге тиісті.

Пештік термоөңдеуге ұшыраған құбырлар үшін сыналатын үлгіге, бір балқыманың, шығарудың сол процесіндегі, бір маркалы болаттың сол көрсетілген диаметрі мен қабырға қалындығы енгізіліп, мерзімдік қолданыстағы пеште сол бір ғана жүктеме бойынша әдістемелік пеште дәл сондай соңғы термоөңдеу әткізіледі.

Сыналатын үлгідегі құбырлар саны 10-кестеге сәйкесуге тиісті.

## 10-кесте – Сыналатын нліпідегі құбырлар саны

Сыртқы диаметрі D (мм)	Сыналатын үлгідегі құбырлардың максималды саны
D ≤ 114,3	200
114,3 < D ≤ 323,9	100
D > 323,9	50

## 10.1.2 Сыналатын нліпідегі әлшенетін құбырлардың саны

Сыналатын үлгідегі әлшенетін құбырлардың мынадай саны әрбір сынақ үлгісінен тандап алынуға тиісті:

- 1-категориялы сынақ: бір әлшемді құбыр;

- 2-категориялы сынақ: екі әлшемді құбыр; құбырлардың жалпы саны 20-дан кем болса бір ғана әлшемді құбыр.

## 10.2 Сынаққа арналған нліпілерді әзірлеу

## 10.2.1 Әнімдерді талдауга арналған нліпілерді тандау және әзірлеу

Әнімдерді талдауга арналған үлгілер, EN ISO 14284 сәйкес механикалық сынақ жүргізілетін сынаққа арналған үлгілерден немесе бір ғана орыннан, механикалық, немесе құбыр қалындығы бойынша іріктелуге тиісті.

**10.2.2 Механикалық қасиетін сынауға арналған ңлілдерді орналастыру, бағдарлау және әзірлеу**

**10.2.2.1 Жалпы**

Сынаққа арналған үлгілер EN ISO 377 сәйкес құбыр ұштарынан алынуы қажет.

**10.2.2.2 Негіздік материалды керілуге сынауға арналған ңлілдер**

Негіздік материалды керілуге сынауға арналған үлгілер, EN 10002-1 талаптарына сәйкес әзірленуге тиісті.

Жоғары температура кезінде керілуге сынауға арналған сынақ үлгілері, EN 10002-5 талаптарына сәйкес әзірленуі қажет.

Шығаруыш зауыттың қалауы бойынша:

- сыртқы диаметрі  $D \leq 219,1$  мм құбыр үшін сынақ үлгісі, құбырдың толық кесіндісі немесе жолақ секциясы іріктелуге тиісті; ол құбырдың осіне бойлық бағыты бойынша таңдалады;

- сыртқы диаметрі  $D > 219,1$  мм құбырлар үшін сынаққа түзетілген үлгіден шенберлі көлденен кимасы бар механикалық әнделген сынақ үлгісі, жолақ кесіндісі таңдалуға тиісті; олар құбыр осіне бойлық немесе өндік бағытта алынуы қажет.

Құбырдың толық кесіндісі пайдаланылатын жағдайды қоспағанда синалатын үлгі пісірілген жіккө қарама-карсы алынуға тиісті.

**10.2.2.3 Жіккі керуге синау ңлілдері**

